

## Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің 1994 жылғы есебі туралы

Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы 1996 жылғы 16 қаңтар N 2776

"Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің Заң күші бар Жарлығының Z952155\_3-бабына және "Қазақстан Республикасының Президенті туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің Конституциялық заң күші бар Жарлығының Z952733\_15-бабына сәйкес, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің 1994 жылғы есебін қарап, Қаулы етемін:

1. "Артур Андерсен" аудиторлық фирмасының қорытындысы ескеріле отырып, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің 1994 жылғы қызметінің нәтижелері туралы қоса беріліп отырған есебі 112514.0 млн. теңге сомасындағы баланс валютасымен және 14495.1 млн. теңге сомасындағы пайдасымен бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің:

- елдің экономикасындағы төлемсіздіктер проблемаларын шешу, есеп айырысулар жүйесін оңтайландыру мен оларды ұйымдастырудың озық нысандарын енгізу;

- ұлттық банк жүйесін нығайту және дамыту, коммерциялық банктердің қызметін реттеудің тиімді тетігін жасау;

- шаруашылық жүргізуші субъектілердің ақша-кредит саласындағы қызметін реттейтін жаңа нормативтік және нұсқаулық-методологиялық базаны жасау саласындағы 1994 жылғы жеткіліксіз жұмысы атап көрсетілсін.

3. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі 1995 жылғы өз қызметінің нәтижелері туралы есепті Қазақстан Республикасы Президентінің бекітуіне 1996 жылдың 1 сәуірінен кешіктірмей табыс етсін. Бұл ретте Ұлттық Банктің пайдасын бағыттаудың мынадай нормативтері негізге алынсын:

- жарғылық қор - 0 процент;

- резервтік қор - 0 процент;

- өндірістік-әлеуметтік даму қоры - 85 процент.

Пайданың қалған бөлігі 1995 жылғы республикалық бюджет кірісіне жатқызылсын.

4. Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің төрағасы 1996 жылдың ішінде Қазақстан Республикасы Президентінің қарауына Республика Ұлттық Банкінің жұмысы туралы есепті тоқсан сайын табыс ететін болсын.

Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігі (Б.К.Ерішев) Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкімен келісе отырып Ұлттық Банктің тоқсан сайынғы есептерінің нақты мерзімі мен мазмұнын, сондай-ақ елдің ақша-кредит саласындағы және банк жүйесіндегі істердің жай-күйі туралы ол дүркін-дүркін табыс етіп отыратын ақпараттың тізбесін анықтасын.

Қазақстан Республикасының  
Президенті

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және  
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК